

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

ЖИҒАН-ТЕРГЕН





Ермек Балташұлы (8 маусым 1958, Едірей аулы, Мәди ауыл округі, Қарқаралы ауданы, Қарағанды облысы) — журналист, жазушы-драматург. Қарағанды облысы, Егіндібұлақ аулындағы №1 қазақ орта мектебін (1975), әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген (1990). Қазақстан Республикасы Журналистер конгресі (2003) және Қазақстан Журналистер одағы (2008) сыйлықтарының лауреаты. Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері (2005). Е.Балташұлының баспасөз бетіне шыққан тұңғыш туындысы «Найзакөк» поэмасы 1973 ж. Егіндібұлақ аудандық «Ленин туы» газетінде жарияланды. Публицистикалық шығармалары «Тәуелсіздік жылнамасы» (2001), «Сарыарқа саңлақтары» (2002), «Ақпарат айдынында» (2006), т.б. ұжымдық жинақтарда басылды. Көркем очерктері мен әдеби-публицистикалық шығармалары «Мәди», «Көз» (екеуі де 2008 ж.) деген атаулармен жарық көрді. 2008 ж. «Мәди» атты әдеби-көркем, танымдық-публицистикалық журналдын негізін қалады. Е.Балташұлының «Сұрасаң, Мәди еді менің атым» (С.Жұмағалимен бірге) деген тарихи драмасы 2005 ж. С.Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық драма театрының сахнасында қойылды. Ол осы жылы түсірілген «Қайғысы тарқамаған адам» деректі-көркем телефильмнің әдеби кеңесшісі болды. Е.Балташұлы «Қаз дауысты Қазыбек би» тұлғалық энциклопедиясын (2011) әзірлеген шығармашылық топтың құрамында болды, ақын Б.Ысқақовтың «Бұл – менің көз жасым ғой қан аралас» жинағын құрастырып (2014), алғыз сөз жазды. Ол «Арыс» көркемсуретті тарихи-танымдық кітабы, «Арыс» өңірлік энциклопедиясы авторларының бірі, «Ажарланған, абаттанған Арыс» фотоальбомының редакторы, «Қу – Балқантау» өңірлік энциклопедиясын әзірлеген жұмыс тобының жетекшісі және бас редакторы.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

ЖИҒАН-ТЕРГЕН

(сын-сықақтар, аудармалар, қағытпалар,
өзіл-оспақтар)

Баспаның атауы
Қала

ӘОЖ
КБЖ

Ермек БАЛТАШҰЛЫ. Жиған-терген. Қала, баспаның атауы.
2018 жыл. 48 бет

ISBN

Жазушы-драматург, Мәдениет қайраткері, Журналистер одағы мен Журналистер конгресінің лауреаты Ермек Балташұлының оқырман қауымға «Жиған-терген» атауымен ұсынып отырған еңбегіне әр жылдары жазылған сын-сықақтары, шетел сатириктерінен аудармалары, Қу – Едірей өңірінде бұрын-соңды жасаған адамдарға қатысты, ел аузынан жиналған уытты сөздер топтастырылған. Ықшам жанрларда көрініс тапқан шығармалардың тілі шырайлы, арқау болған оқиғалары қызықты. Әр кезеңдегі өмір шындығы бейнеленген әңгімелер жеңіл оқылады. Бүгінгі және келешек ұрпақтар үшін еңбектің тәрбиелік мәні үлкен.

ISBN

ӘОЖ
КБЖ

АВТОРДАН:

Қаздауысты Қазыбек бабамыздың тау суындай мөлдір де тасқынды шешендік сөздері мен жұртты ұйытқан көсемдігіне тәнті болған замандастарының бірі: «Апыр-ай, Қазеке, сізді де сөзден жеңген адам бар ма екен?!» – деп сұраған дүр. Сонда ұлы би: «Пәлі, сөздің қадірін білмейтіндер, аталы сөзге тоқтамайтындар мені күнде жеңеді», – деп жауап берген екен.

Сөз – сиқыр. Сөздің күшімен, әрине, түсінген адамды, жерге тығуға да, ұшпаққа шығаруға да болады. Сондықтан, бабаларымыз қалдырған асыл мұраның ішінде ең қадірлісі - сөз. «Сөз сүйектен, таяқ еттен өтеді» дейді қазақ жұртының ғасырлар қойнауынан жеткен мақалы. Ұлтымыздың ұлы қаламгерінің бірегейі, әлемдік әдебиеттің тұнығынан қанып ішкен Мұхтар Мағауин «Қазақ тілі – асыл сүйегі, табиғи болмыс-бітімі, тума қасиеті тұрғысынан алғанда, әлемдегі ең бай, ең әсерлі, ең оралымды, мағынасы терең, қуаты зор, әуезі сұлу, түрлену, жетігу, даму мүмкіндігі шексіз, ғажайып сырлы тіл» деп байлам жасайды. Осынау ғажайыпты жасаған ортаның тұнығы, қаймағы мен қаспағы түзілген Қу – Едірей өңірінде талай-талай сөз сүйлейлері өткен. Ердің құнын екі ауыз сөзбен шешкен «әрідегі айыр көмей, темір жақ» би-шешендерді, «көңілден көкала үйрек ұшырған» ақындарды айтпағанның өзінде, берідегі, шет жағасын көзіміз көріп, құлағымыз естіген әкелеріміз бен ағаларымыз да шаршы топқа сөзін тыңдатын, уәжін өткізе алатындай дәрежеде тіл құдіретін меңгерген адамдар еді.

Ежелгі Эллада елінде «егер сен ақиқат шындықты айта отырып «өтірік айтып тұрмын» десең, өтірік соққаның; егер өтірікті бөстірте отырып «өтірік айтып тұрмын» десең, нағыз шындықты айтқаның» деген түсінік болған екен. Ауыздан ауызға тараған аңыз бойынша, грек жұртының белгілі тіл маманы Филет осы тіркес логикалық тұрғыдан қанша дәл екенін анықтап, мәнін аша алмағандықтан, жүйкесіне салмақ түсіп өліпті. Осы түсініктің мәнін, керемет тіл маманы болмаса да, кез-келген қазақ логикалық тұрғыдан дәл анықтап, мәнін ашып бере алар еді. Бұған күмәніңіз болса, қолыңыздағы кітапты оқып көріңіз.

*Қилы-қилы қызықтар***КЕЗЕК**

Алтынбек—ауылда өскен жігіт болатын. Бізден екі-үш сынып төмен оқыған еді. Ол кезде пысықтығы байқала қоймаған. Кейінгі жылдары қолы жүріп тұрған кәсіпкер болды деп естіп едім, рас екен. Шет елдермен тығыз байланыста көрінеді. Таяуда мұхит асып, Америкаға барып қайтыпты.

– Сапарымыз аяқталып, елге жүру үшін әуежайға келгенімізде бір қызық оқиға болды, – дейді Алтынбек.—Ауа райының қолайсыздығынан біраз рейстер кейінге қалдырылған екен. Әуежайда жолаушы ығы-жығы. Біздің рейспен ұшатындарды тіркеу орнынын алды да аш ішектей шұбатылған кезек. Күтуден жалыққан жұрт тіркеу үстелінде отырған әдемі қызға барып, өздерін ерте ұшатын, қолайлы рейске ауыстыруды өтініп, мазалаумен болды. Компания қызметкері, жаңағы қызды айтамын, жүйкесі мықты жан екен, елдің бәріне сыпайы жауап қатып, басу айтып, жылы жымыып қояды. Біздің топтың ішінде Талғат деген жігіт бар еді. Ағасы ма, нағашысы ма, Астанада бір мықты тірегі болғандықтан, өзін жарық дүниенің еркесі сезініп, жалғанды жалпағынан басып жүретін. Бір кезде кезекте тұрғандарды киіп-жарып сол Талғатымыз жолаушыларды тіркеуші қыздың жанына барып, билетін ең бірінші рейске және тек қана бірінші класты салонға ауыстырып беруді талап еткені. Компания қызметкері аса құрметті мырза басқалардың мазасын алмай, құқын бұзбай, жалпы кезекке тұруын өтінді. Бұған дейін бетінен қағу көрмеген Талғат ашуға булығып:

– Әй, қыз, менің кім екенімді білесің бе?—деп ежірейіп шыға келгені ғой. Сірә, өзін Қазақстанда жүрмін деп ойлаған болар. Тіркеуші қыз асықпай микрофонды қолына алып, сол жұмсақ жымыған қалпымен:

– Ханымдар мен мырзалар, тоғызыншы тіркеу столының жанындағы жолаушы мырзаға көмек керек. Бұл джентельмен өзінің кім екенін ұмытып қалыпты. Егер көпшіліктің арасында оны билетін-

дер бар болса, аты-жөнін есіне салып жіберулеріңізді өтінем, – дегені бар емес пе. Кезекте тұрғандар қыран-топан күлкіге батып, шаршағанын ұмытып, бір серпіліп қалды. Есерлігінен елге күлкі болған Талғат:

– Шайтан алсын сен қызды! Тұздай болған көзін ойып алар ма еді, – деп, теріс бұрылып жүре берді. Көрікті бойжеткен сол байыпты да сыпайы сәнін сақтаған қалпында:

– Өте өкінішті, мырза! Бірақ, ол үшін де кезекке тұруға тура келеді, – дегені ғой.

Қазекеннің қожанасырлығы қайда жүрсе де қалмайтынына бұдан басқа қандай дәлел керек.

МҰҢДАСТАР

Сексенінші жылдардың соңына таман Қарағанды облысының Ульянов (қазіргі Бұқар жырау) ауданында қазақша газет шыға бастап, соған редактор болып ауыстырылған кезім еді. Басқа жұрттың ықпалына әбден иліккен, бұзауына шейін орысша мөңірейтін өңірден қазақ тілінде хабар жазуға икемі бар адам таба алмай қатты қиналды. Қызметкерлердің барлығы дерлік кездейсоқ жандар. Сондайлардың бірі Талғат деген жігіт еді. Бойында талант ұшқыны бар, жұмысқа тез төселіп кетті. Осал жері—күнара қызара бөртеп жүреді. Ол өнерін бірер айдан соң көрсетті. Жұмыстан шығарып жіберуге, соңында тіреп тұрған қызметкер жоқ. Өзіміз білетін тәрбие шараларының бәрін жасап көрдік. Ем қонбады. Әбден амал таусылған соң орыс-қазақ редакцияларына ортақ кәсіподақтың жетекшісі, тәжірибелі де беделді Виктор деген неміс жігітіне сөйлесіп, ықпал жасап көр деп өтініш еттік.

Виктор бәлденбеді, елп ете қалды.

Талғаттың кабинетіне Виктор кірген сәтте, жанындағы адамдарды шақырып алып, екеуін онаша қалдырдық. Сыртынан бақылап жүрміз. Әуелде жай басталған әңгіме бірте-бірте күшейіп, дауыстары шыға бастады. Қайтадан сабасына түсті. Жұмысқа кірісіп кетіп, екі-үш сағаттың қалай өткенін байқамай қалыппыз. Еске түсіп

барғанымызда, тамаша көріністің үстінен түстік—екеуі бірі-бірінің иығына басын сүйеп, жылап отыр. Столдың үстінде орталанған, жанында төңкерілген «Столичная» жатыр. Әсіресе, араққа зауқы соға қоймайтын Викторға таң қалдық.

Кейін білсек, әңгіме былай болыпты: Талғаттың тұрмыс, отбасылық жағдайын сұрастырып, бәрі дұрыс екенін білгеннен кейін Виктор: «Әжептәуір жігітсің, отбасың да жақсы екен. Сені қандай күйік әкетіп жүр? Айтшы, кеше неге іштің?» деп ақыл айта бастайды.

– Жүрегім жанып барады, Виктор! Білесің бе, Куликово шайқасында жеңіліп қалғанымызға 600 жыл болды кеше. Егер сол жолы Мамай ақымақтық жасамаса, қазір сен екеуміз Дунайдың жағасында қазы жеп, қымыз ішіп жатар едік қой, – деп еңкілдейді Талғат.

– Сталинградтың түбінде Паульс қорқақтық жасамағанда, Талғат-ау, екеуміз ақ Еділдің жағасында Бавардың қоңыр сырасын сыңғытып отырмас па едік, – депті Виктор сонда.

Арғы жағындағы әңгіме белгілі ғой.

«АПЕЛЬСИННЕН АЙНАЛДЫҚ!»

Наурыз қарсаңындағы сенбі күні ертелетіп үйдің іргесіндегі дүкенге бардым. Ойым бірер килә тартылған ет сатып алып, әлі ұйықтап жатқан бәйбішем мен балаларды қуанта қою. Кезектегі адамдардың азығына ішім жылып, тартылған ет тезірек әкелінуін тілеп тұрмын. Сол кезде сайтандай сап етіп, Думанның келе қалғаны. Бізге қарсы есіктегі, домаланған Думан кәдімгі. «Әй, бүгін адам аз екен. Көп бөгелмейтін болдық» деп, жымың-жымың етеді. Былай жаман жігіт емес, бірақ, аузында тыным жоқ, жеңінен тартқылап, мылжындап сөйлеп, жанындағыларды мезі етіп бітеді. Міне, тағы да басталды. Сойылған мал құнажын ба, дөнежін бе, әлде кәрі сиырма? Бұқар жыраудан әкелінген бе, Жаңарқадан ба? Түнде сой-

ылған ба, әлде... қойшы, әйтеуір бірсыпыра сұрақ қойып, сатушы жауап бере алмаған жерде өзі болжам жасап, ет бөліміне қатысты әңгіменің бәрін тауысқандай болды. Бір сәт жеміс-жидек, көкөніс сататын бөлімге көзі түсіп кетіп, тың тақырып табылғанына қатты қуанды. «Апельсиннен айналдық» деп қояды. Екінші, үшінші рет қайталағанда үндемеп едім, төртіншіде шыдай алмадым. «Неге сонша құштар бола қалдың қытайдың сары домалағына?» дедім де, тілімді тістемегеніме қатты өкіндім. Одан не пайда, Думанның құлақ дуылдататын ызыңының тиегі ағытылды. «Апельсиннен қалай айналмайсың, соның арқасында Маржанымның жалақысына он мың теңге үстеме қосылды ғой, – деді Думан жеңімнен тартып-тартып қалып. – Өзің білесің, менің Маржаным апельсин, мандарин дегенді жемейді ғой, лимоннан бес шақырым аулақ жүреді. Әйелдер мерекесінен кейін көрші кабинеттегі қыз-келіншектер апельсин жеп, шай ішіпті. Ондайда Маржанның көзінен жас, мұрнынан су ағып, берекесі кетеді. Сол сәтте бастығы кіріп келіпті. Еңіреп отырған әйелімді көріп, не болғанын сұрайды. Маржаным жағдайын толық түсіндіре алмай, ана бөлмедегілер апельсин жеп отырғанын айтады. Бастығы ойланып шығып кеткен екен, түстен кейін Маржанның жалақысына он мың теңге үстеме қосуға бұйрық шығарыпты. Отбасы үлкен әйел дұрыс тамақтана алмай жүр екен деген болуы керек. Апельсиннен айналдық...». Думаннан бұрын-соңды естіген әңгіменің тұздықтысы осы болды ғой деп ой түйіп үлгергенімше кезегім келіп қалды. Өзіме тиесілі екі килә тартылған етті өлшетіп алып, көршім тағы бір тың әңгіме бастағанша кетуге асықтым. Сыртқа шығып бара жатқанда көз қиығым түсіп еді, Думан жеміс-жидек, көкөніс бөліміне әлі де сүйсіне қарап тұрғанын көрдім.

ШЕБЕРХАНАДА

Арқаға белгілі суретші Мұратбек өз басынан өткен бір әңгімені айтып беріп еді. Соны оқырмандармен бөліссем деп едім. Былтырғы қыстың басында, күн кешке айналған кезде шеберханасына бас сұққан «жаңа қазақ» коттеджінің қабырғасына ілетін картина алу

үшін дайын жұмыстарды қарайды.

– Елдің бәрі сізді қатты мақтайды, – деген дүр ол.—Мен мына суреттеріңізді көріп едім, бір түрлі: алабажақ бояулар, айқыш-ұйқыш сызықтар, төрт бұрышты адамдар, домалақ үйлер...

Алдындағы жылы сөзі көңіліне бальзам жаққандай әсер еткеннен кейін суретші бірден сөз таластырмай, әдіптің артын бағып, өзінің стилін байыппен түсіндіруге кіріседі:

– Енді, бұл... бөлекше ағым ғой. Мен өмірді осылай көремін...

– Жоқ, бауырым, бұлай істеуге болмайды. Көзіңді құртасың ғой, көзәйнек кию керек, – депті «жаңа қазақ».

Жайшылықта өз пікірін жақтап, сөз таластыруға даяр тұратын Мұратбек бұндай «жанашырлық» ақылға не деп жауап қайтаруды білмедім дейді, «жаңа қазақтан» оңбай жеңілгенін мойындап.

ЕСКЕРТКІШТЕРДІҢ «ЕСЕ ҚАЙТАРУЫ»

Белгілі бір қаладағы белгілі бір сарайдың алдына қос кеншінің мүсіні қойылғанына талай жылдың жүзі болады. Қаншама жыл қақиып тұрған ескерткіштерге жаны ашыған Аллатағала оларға бір сәтке жан бітіруді ұйғарыпты. Сөйтіп, қос мүсінді тірілтіп:

– Екеуіңе жарты сағат уақыт берем. Ойларыңа не келсе, соны жасаңдар, – дейді.

Қозғалысқа түскен екеуі бірден таяу мандағы саябаққа тұра ұмтылады. Біраз уақыттан соң мез-мәйрам болып қайтып келе жатқан оларды Аллатағала тоқтатып:

– Асықпаңдар, әлі он минут уақыттарың бар, – деп, кеңшілік танытады.

Тірілген ескерткіштер қайтадан саябаққа жүгіреді. Олардың не істеп жатқанын білу үшін сыбдырын сездірмей сондарынан барып қараса, мүсіннің бірі көгершінді ұстап тұр екен. Екіншісі:

– Мынаның үстін мен былғап алайын, одан соң саған бір қарға ұстап беремін, – депті.

«БІЗДЕ ТАРАЗЫҒА ТАРТПАЙДЫ»

Бұл әңгімені маған Нұрлан деген танысым айтты. Ол таяуда ғана жұмыс сапарымен Америкада болып қайтып еді.

– Шет елде бірінші рет болуым ғой. Олардың салт-дәстүрі, ерекшелігі қандай деген ой да бар, оның үстіне бой үйренбеген жұмыс күнінен кейін азырақ серпілмекші болып Володия екеуміз қонақүйдің барына кірдік. Володия барменге елу грамнан арақ құюға тапсырыс берді. Бармен екеуміздің бетімізге таңдана қарап өтіп:

– Қайдан келдіңіздер?—деп сұрады.

– Қазақстаннан.

– Ол қай жерде?

Бармен Қазақстанды білмеді. Володия екеуміз жабыла түсіндіріп әлекпіз. Ақыры бұрын кеңес одағының құрамында болғанымызды, қазір Ресей сияқты дербес ел екенімізді айттық. Бармен Ресейді біледі екен, бірдеңе санасына жеткендей болды.

– Сонда сіздердің елде сұйықты таразыға тартып өлшей ме? Кешіріңіздер, бізде ондай таразы жоқ. Қарсы болмасаңыздар, сіздерге елу миллилитрден құйайын, – деді.

СҰРАҚ

– Студенттік, жалынды жастық шақтың қызығы да, шыжығы да көп қой. Осыдан он бес жыл бұрын университеттің филология факультетінде, дәлірек айтсам, журналистика бөлімінде оқитын едім, – деп бастады әңгімесін әріптесім. – Бір жылға таяу уақыт «Адам іс-әрекетін қауіпсіздендіру» деген мылжындау пәнді өттік. Үні құмығып шығатын апай бір ырғақты лекциясын өткізіп жатқанда кейде мүлгіп те алушы едік.

Бірде, суық аудиторияда демімізбен жылынып, қалғып-шұлығып отырғамыз. Сабақ аяқталып қалған. Оқытушымыз бізді мезі қылған,

айтшы – ағаң қоғамдық ғылымдар академиясына академик болып сайланды, неге құттықтамайсың?!

– Кешіріңіз, ағасы! Ондай жоғары мәртебенізді естіген жоқпын. Иә, құтты болсын, мәртебеніз өсе берсін!

– Ел естігенді сен неге естімейсің? Жазды ғой әлгі... анау... «бір-деме» Қазақстана» деген гәзит. Соның өзі әлде жұрнал ма еді? Әйтеуір сол жазған. Неге оқымайсыңдар? Кеуделеріне нан пісіп, әлгі бір төрт-бес гәзиттен басқа ештеме оқымайсыңдар. Қарапайым болу керек қой. Ұқтың ба?

– Ау, ағасы, атын өзіңіз толық білмей, газет яки журнал екенін есіңізге түсіре алмай отырған басылымды қалай оқымақпын?

– Әй, сен ділмарсімә! Мен неге білмеймін оның атын, білемін. Бірақ, қазір просто есіме түспей отыр. Жалпы, өздерің үшін айтатын, қарапайым болу керек қой. Академик атанған соң берген банкетке қанша мықты азаматтар келді. Академиктер, министрлер, басқарма бастықтары мен фирма президенттері. Канарда қонып, Парижде түстенетін жігіттер. Бәрі сондай қарапайым адамдар. Көрген жерде ағалап, елпілдеп сәлемдесіп жатады. Солардай болу керек қой. Айтпақшы, мен саған не үшін звондап едім?.. Е-е, иә, есіме түсті. Сен осы гәзитте істемейсің бе, жазсайшы мына ағаң туралы. Міне, қырық жыл болды қызметке араласқанымызға. Құдайға шүкір, атақ-абыройдан кенде емеспіз. Елдің сен сияқты інілері жазып жатады ғой түкке арзымайтын біреулер туралы, кезінде шахтер болған еді, дәрігер болған еді деп. Сендер не сонша, қандарың марганцовкаға айналып кеткен бе?

– Ағатай-ау, әр нәрсенің жөні, жолы бар емес пе? Жеңгей екеуіңіз қазақша газет-журнал оқымайсыздар. Нурик пен Куканыздың тілі әуелден орысша. Кейінірек мұражайда қалады демесеңіз, өзіңіз жазылмайтын қазақша газетке басылып қайтесіз?

– Ділмәрсіме дедім ғой мен саған. Қазақшаны сен маған үйретпей-ақ қой! Қазақша оқымай-ақ жетпіс жыл жер басып келгемін, әлі де жүре тұрармын. Осы сендер қарапайымдылықты қашан үйренесіңдер? Әй, өңшең бір...! – деп, сөзінің соңын түсініксіз етіп аяқтаған ағамыз телефон тұтқасын қоя салды.

Қанға бітпеген қайран қасиет-ай, «қарапайым» ағалардың алдында қашанғы жерге қаратар екенсің?!

КЛИЗМА

Сыныптас құрбым Раушанмен кездейсоқ ұшырасып қалдым. Екеуміз жоғары сынаптарда төрт-бес жыл қатар оқып едік. Мектеп бітірген жылы оқуға түсе алмай, қыс бойы екеуміз де ауылда болғамыз. Мен жергілікті ауруханада санитарлық жұмысқа тұрып, ол тігінші шешесіне көмектесіп жүрді. Келесі жылы мен оқуға түсіп кеттім де, Раушаннан және басқа құрбыларымнан көз жазып қалдым. Кейінірек Саранның педучилищесін бітіріп ауылға қайтыпты, тұрмысқа шығыпты деп естігенмін. Содан көріп тұрғаным осы. Бойы ортадан биік, бүйрекбеттеу, ақсары қыз біз кездеспеген жиырма жылдай уақыттан бері толысып, әжептәуір сарықарын бәйбіше болып қалыпты. Көзінің айналасына, еттілеу еріндерінің төңірегінде, езуіне майда әжімдер де түсе бастаған сияқты.

Екеуміз шұрқырай амандасып, хал-жайымызды сұрасып жатырмыз аялдаманы басымызға көтеріп.

– Жақында қаланың іргесіне, мына ауылға көшіп келгеміз – дейді Раушан белгісіз бағытты иегімен нұсқап. Балалар осы қалада. Екеуі – студент, кенжеміз лицейде, келесі жылы бітіреді. Ауылда Қайыркен екеуміз ғана кемпір-шал болып қалдық.

– Қайыркен дегенің кім? Күйеуің бе?

Раушан маған «Мынаның есі дұрыс па?» дегендей аңтарыла қарап алды да, күліп жіберді.

– Иә, күйеуім... Оны білмейтін жөнің бар, ауылдан ерте кеттін ғой. Көрші совхозда тұрған Бұғыбай шалдың баласы. Біздің бойжеткен кезімізде ауруханаға практикаға келіп жүретін. Сонда танысқамыз. Кейін үйлендік, сен онда жоқсың.

...Құдай-ау, біздің ауруханада практикадан өткен Қайыркен бе, оны неге білмейін. Сол Қайыркенге қатысты бір оқиға есіме түсіп кетіп, күліп жібере жаздадым.

Мен онда ауруханадағы балалар бөлімінің санитарымын. Шағын ұжымдағы жасы ең кішісімін. Менен жасы да, қызметі де үлкен бес-алты қыз бір күні «Бізге бір жас жігіт практикаға келіпті, «мед-брат» көрінеді» деп шу ете қалды. Ол кезде жас жігіттің ақ халат киіп, мейірбек боп жүргенін көзіміз көрмеген. Қызық біртүрлі. Қы-

здардың бәрі жасанып, соның көзіне түсуге тырысады. Бірақ, кейінірек байқадық, жігітіміздің ештеңеге әуестігі жоқ: қыз-қырқынға мойын бұрмайды, қой аузынан шөп алмайтын жуас, айдағанға жүретін көк есектей еңбекшіл, бір сөзбен айтқанда, мырындаған миғұланың өзі. Оның бойындағы көңіл аударарлық бар қасиеті – әзіл-оспақты, қалжыңды мүлде түсінбейтін еді. Әйтеуір, бір жақсысы, мұндай адамдар сирек ұшырасады. Оған да құдайға шүкір!

Желді аяз арқырап тұрған ақпанның бас кезі еді. Жұмыс күнінің соңына қарай медбике қыздар ем-дом жасайтын бөлмеге жиналып, шай ішіп бой жылытпақ болды. Қайдан келгені белгісіз, бір шиша шарап табыла кетті. Жиынға «медбрат» бозбала Қайыркенді де шақырғамыз. Әдеттегідей, шараптан бас тартқан ол бір шыны аяқ шайын асығыс ішіп алып: «Бүгінгі күні істейтін тағы қандай жұмыс бар? Дәрігер ағай қандай тапсырма беріп кетті?» деп сұрасын. Өзі тұруға жинала бастады. Сөйлесіп, күлісіп отырған қыздар мырынбайдың сұрағын құлақтарына да ілген жоқ. Ол сауалын қайталап қойғаннан кейін ғана Зәуре деген әзілқой қыз: «Бөлімдегі балалардың бәріне клизма қою керек», – деп жауап берді. Одан кейін қыздардың әзіл-қалжыңы қайтадан қызып кетті де, Қайыркеннің қарекетіне ешкім назар аудармады. Тіпті, оның қайда кетіп қалғанын да ешкім білмеді. Тек, біраздан соң Зәуре:

– Жанағы маубас қайда құрып кетті? Тағы бір нәрсені бүлдіріп жүрмесін, Күнсая, жасың кіші ғой, барып, біліп келші, айналайын, – деп мені жұмсады.

Барсам,.. Қайыркеніміз шынында да бүлдірген екен. Зәуренің уытты қалжыңын ұқпаған тілалғыш «медбрат» бөлімдегі балаларға клизма жасай бастапты. Бүкіл медбике шуласып жүріп, Қайыркенді тоқтатқанша байғұс балалардың басым көпшілігіне клизма жасалып болған еді...

Осы оқиға есіме түсіп жымығанымды Раушан өзін сағынып көріскен қуаныш күлкісі деп ұқты ғой деймін, жақсы көңілмен қоштаса бастады.

– Қайыркенге сәлем айт. Таяуда барамын сендерге. Бірақ, мен түйенің етін ғана жеймін, – дедім автобусқа мінгелі жатқан құрбымның соңынан дауыстап.

ТҮСТЕГІ ТІЛЕК

Мерекені орыстың, одан соң қытайдың жаңа жылынан бастап тойлап, қазақтың Наурызына әкеліп бір-ақ тіреген Нышанәлі досым ұйықтап жатып көрген түсін айтып берді. Бұрын түсінде алтын балық көретіндердің әңгімесін ол ертегі деп қабылдайтын еді. Енді оның имандай шындық екенін айтып, ант-су ішіп отыр. Сөйтіп, Нышанәлі түсінде қарамағына алтын балық ілінгенін көріпті. Қармағын судан жұлып алғаны сол екен, жаны мұрнының ұшына келген алтын балық:

– Ағатай, еркіндікке жібере гөрші, кез-келген үш тілегінді орындайын, – деп жалынады.

– Жоқ, маған түктің де керегі жоқ, – дейді түсінде «Мерседес» мініп, өзін «капиталист қазақпын» деп ойлап қалған Нышанәлі шіреніп.

– Ағатай, ойланшы! Мүмкін Атлант мұхитындағы бір аралдан вилла керек шығар?

– Иә, Канардан жер сатып алғам, ұнамады. Құжынаған құмырсқалары дөкей-дөкей...

– Мен саған бір кішкентай құмырсқаны жадылап берем – ол басқа құмырсқалардың бәрін жеп қояды да, соңынан өзі жарылып өледі.

– Одан соң Франциядан коттедж алдым. Тамаша – теңіздің жағасы. Бірақ, тарақандары дәу-дәу...

– Мен саған бір кішкентай тарақанды сиқырлап берем – ол басқа тарақандардың бәрін жеп қояды да, соңынан өзі сеспей қатады.

– Міне, таптым! – деп айқайлап жіберіпті сонда өзін «капиталист қазақпын» деп ойлап қалған Нышанәлі қуанып кетіп. – Сен маған бір кішкентай салық инспекторын сиқырлап берші!.. Соңғы сөзді ұйқылы-оюу жатқанда айттым ғой деймін. Көзімді ашсам, өзіміздің «хрущевка» пәтерде, Бәтін екеуміздің сықырлауық төсегімізде жатыр екенмін. Әбден ояңған кезде, алтын балықтың алғашқы өтінішіне келіспегеніме қатты өкіндім.

«SANTA – BARBARA»

(телесериалдың 999... сериясы)

Музыка ойнайды. Экран жарықтанғанда округ прокуроры Кейт Тимманстың жұмыс кабинеті көрінеді. Екі аяғын үстелдің үстіне айқастырып қойған Кейт Тимманс шылымын шегіп отыр. Асыға басып Джина кіреді. Өзі қуанышты.

Кейт:

– Джина, екі езуің екі құлағына жетіп қалыпты ғой... Не жаңалығың бар?

Джина:

– Сисидің маған деген махаббатында шек жоқ десем, ешкім сенбейді. Бірақ, ол айдан ақиқат нәрсе. Сиси – нағыз джентельмен. Ондай жомарт сыйлықты бір де бір еркек жасай алмайды...

Кейт:

– Сондайлық ол сені қалай жарылғап тастады? Ақша салған сандығының кілтін берді ме? Айтсайшы үздіктірмей!

Джина:

– Сиси мені Алжирге жіберем деді. Африка – құм, теңіз, сафари, ресторан, би...

Кейт:

– АЛЖИР... Ха-ха-ха! Дұрыс-ақ. Ол сені сонда жібереді. Акмолинский лагерь жен изменников Родины – аяз, қар, боран, қазақстандық нарықтық экономика, ұйымдасқан жемқорлық...

Джина:

– Сұмдық-ай! Қалай дәті барды екен оңбағанның?..

ЖАРЫССӨЗ

Шағын қаланың шетін ала орналасқан шағын шұлық-ұйық фабрикасына Жөкен бастық болып келгелі де оншақты жылдын жүзі өтіпті. Жұмысында біршама кемшілік кеткеніне қарамастан, алғашқыда «жас бастық кой, төселсін, ысылсын, тәжірибе жинақта-

сын» деген желеудің жетегінде жүріп қалды да, кейінірек, енді орнынан босайтын тықыр таянғанда реформа деген құтқарушысы бағына дәл келіп, балапан басына, тұрымтай тұсына кете барды. Сөйтіп, Жөкен бастық болғаннан бергі алғашқы есеп беру-сайлау жиналысы енді өткелі жатыр.

Арадағы оншақты жылда жұмысын көгертпесе де, көкірек керуге бірсыпыра төселіп қалған Жөкен осы жиналыс болатынын естігеннен бері иненің ұшында отырғандай сезінуде өзін. Мұны орнынан тайдырмақ болып, сыртынан кіжініп жүргендер көп екенін жүрегі құрғыр сезеді. Сондықтан, жан ұшырып жақтас іздеді. Жұмысқа келгеніне екі-ақ ай болған облыстық басқарма бастығы сырттың адамы. Ол үшін бұл орында кім отырса да бәрібір. Көмек өз ішінен керек. Орынбасары Бөкен – желдің өтіне, жаудың бетіне мұны айдап салып қойып, өзі тымпиып қана отыратын, бір бармағы ішіне бұгулі кісі. Оның бой тасалап қалатыны күмәнсіз. Бас инженер Төкенге сенім жоқ. Бүкіл фабриkanı жалғыз өзі көтергендей шаршап-шалдығып жүргені. Жай жүрмей, жұмысты былай істеу керек деп ақыл айтып, елді сынап-мінейтінін қайтерсің. Жиналыс үстінде ши шығармай, үндемей қалғанының өзі үлкен көмегі болар еді оның.

Жөкен төңірегіндегілерді ой елегінен өткізіп, түгелдеп отыр. Сенім артатындай ешкімі жоқ екен: біреуі – ондай, біреуі – мындай. «Енді кім бар?» деп, басшылық штатының кестесіне көз жүгіртуі мұң екен, қаттау цехының меңгерушісі Сөкен назарына іліге кеткені. Бұған дейін ойына келмегені – тым елеусіз жігіт еді. Көшке ерген тайлақ сияқты әйтеуір ілбіп жүре беретін, біреуге келтіріп жатқан пайдасы да, зияны да жоқ адам. Цех басшысы деген аты ғана болмаса, кейбір жұмысшының өзі басынып, илеуіне көндіре беретін бұйығы байғұс. Әйтеуір, ұжым ішінде жақсы, олардың «өз адамдары». Енді осыны неге пайдаланбасқа...

Сәтті шешім басына сап ете қалған Жөкен қасқа маңдайына шып ете түскен терді жұмсақ орамалымен сүртіп алып, жұмыс аяғына дейін эзер шыдады. Сағат кешкі алтыға таяй бергенде Сөкенді кабинетіне шақырып алып, хатшы қызға ешкімді кіргізбеуді тапсырды да құпия әңгімеге кірісті.

– Сөке, – деді Жөкен жайлап қана жымыып. Бастығының аузынан

мұндай жылы сөз, әсіресе, өз есімін осылай аялап айтуды естимін деп ойламаған Сөкеннің жүрегі аяғының астына түскендей болды.

– Сөке, – деді Жөкен қайталап. – Осы сенің цехты басқарып келе жатқаныңа біраз жыл болды, ә? Он бес жыл ма?.. Ту-у, өзің көп отырып қалыпсың ғой. Енді, міне, сенің көзге түсетін кезің келді. Ертең есеп беру-сайлау жиналысы болатынын естідің ғой. Мен баяндама жасаймын. Сонан кейін жарыссөз басталады. Сол кезде іліп әкетуің керек. Әсіресе, ана басқарма басшылығы менің кім екенімді, қандай кадрлар даярлап жатқанымды білгені жөн. Бұлт астынан шыққан күндей жарқ ете түс. Бұл – сенің жұлдызды сәтің. Бас инженердің креслосына қонжиятын уақытың болды. Көп сөйлемей-ақ қой. Ең бастысы – эффект.

Сөкен не айтарын білмей, кекіл шашын сипап: «Рахмет, рахмет, сеніміңізді ақтауға тырысамын ғой», деп мінгірлей берді.

Есеп беру-сайлау жиналысы сәл кешігіп басталды. Соңғы жылдары мұндай дүйім басқосуды көрмей, жиын аңсап қалған фабрика жұмысшылары тайлы-таяғы қалмай жиналыпты. Обалы не керек, Жөкеннің баяндамасы да ойдағыдай болды. Той-томалақта тост айттып, төселіп қалғаны бірден көрініп тұр. Дәйегі мен дерегі аздау болғанымен, тәуелсіз елдің тарихына, тілге, азаматтардың жеке басының қасиетін ашуға келгенде қызыл тілінен бал шұбыртқандай.

Жарыссөз басталды. Бірер жұмысшы сөйлеп, фабрика басшысын да шымшып кетті. Мәжіліс залының орта тұсында тұғжиыңқырап отырған Сөкен басын көтеріп қалғанда өзіне тесіле қараған Жөкенге назары түсті. Көзінің қиығымен мінберді нұсқайды. Ғұмыры үйдегі Күләйшаның бетіне тіктеп қарап, сөйлеп көрмеген Сөкен қалай қол көтергенін білмей де қалды.

Жиналыс басқарушысы өзінің аты-жөнін атағанда қаны басына теуіп, құлағы шуылдап, орнынан теңселе тұрған Сөкен мінберге беттеді. Жүздеген көз өзіне тесіле қарап, «мынаның өнерін қара, жуастан жуан шығыпты ғой» деп ойлағанын жотасымен сезген Сөкен өзін барынша сабырлы, байыпты ұстауға тырысты. Оның үстіне Жөкеннің «асықпа, аптықпа» деген нұсқаулары да миын шабақтап жатыр.

Асықпай мінбеге барады. Жан қалтасынан қол орамалын алып, маңдайының терін сүртіп шықты. Бойындағы су біткеннің тығыны

қой. Өзіңіз де білесіз, ресми қағаз қатынасынан гөрі осындай кездесудің, көзбе-көз тілдесудің өзімізге де, қоғамға да пайдасы көбірек қой. Сондықтан мына бір шаруамен келіп қалдым. Тапсырысты өз қолыммен әкелген ниетімді теріс көрмессіз...

– О не дегеніңіз? Ешқандай айып-шамы жоқ. Қане, қандай шаруа, не қылған тапсырыс екен, көрейік.

Прокурор қолын созып, қағазды алды.

– Өткен күздегі Жарлыққа байланысты бірсыпыра қылмыскерге рақымшылық жарияланып, енді олар бостандыққа шықпақшы. Ал бізде өндіріс, жоспар...

– Оған мен не істей алам?

– Бәрін де істей аласыз. Таяу мерзімге белгіленген белгіленген сот процестерінде ісі қаралатындардың арасынан екі прораб пен инженерге, үш бульдозершіге және бір эксковаторшы мен киномеханикке, айтпақшы тағы бір етікші мен бизнесменге ұзақтау мерзім сұрап, бізге түсуіне ықпал етіңіз.

– Ойбай-ау, бұл соттың құзырындағы шаруа ғой.

– Оны білеміз. Дегенмен, сотқа сіздің ықпалыңыз жүрмейді дегенге кім сенеді?

– Пәлі, бұл айтуға ғана оңай, атқарылуы қиын шаруа. Не істесек екен?..(прокурор желкесін қасиды).

– Жағдайыңызды түсінем. Біз де қарап қалмаспыз, еңбегіңізді жемеуге тырысамыз. Жұмыс атқаратын жеріміздің арғы жағы құла тұз. Аңшылыққа қолайлы-ақ. Балық аулайтын өзен-көлдер де бар. Алдымыз – жаз. Ақ шабақтай шоршыған су перілерін де жүздіріп қоямыз... қажет болса.

– Жарайды, ойланайық, қолдан келсе, аянып қалмаспыз. Тек, маған мынаны айтыңызшы, түсінбей тұрғаным: сіздерге бизнесменнің қажеті қанша? Заңға томпақ бір кәсіппен шұғылданудан саусыздар ма? – деп қалғаны прокурордың.

– О не дегеніңіз? – деді шаруасы оңтайына келетінін сезген Байпақов екі езуі жайыла түсіп. – Түсінбейтін түгі де жоқ. Бізде бір рәкетшінің отырғанына екінші айға айналды. Қолынан басқа ештеңе келмейді. Оған бір жұмыс тауып бермесек, еңбекпен түзету мекемесі деген атымызға сын емес пе?

ДОМАЛАҚ ҮЙ

Алматыда отаны, Астанада тоқалы және бірнеше сауда үйі бар «жаңа қазақтың» бірі қатарластарынан қалмау үшін, көк Есілдің жағасынан коттедж салғызбақ болып Ботабек деген архитекторға барып, жаңа үй жобасын жасауға тапсырыс береді.

– Бірақ, есінде болсын, маған домалақ үй керек, – дейді сәулетші Ботабекке қадай тапсырып.

– Қандай? Кәдімгі киіз үй сияқты ма?

– Киіз үй домалақ емес, дөңгелек, есек. Ал, маған ешқандай бұрышы жоқ доп-домалақ үй керек!

– Оның есігі, терезесі, едені, ішіндегі жиһазы, басқа да заттары болмай ма?

– Сен не, мүлде миғұласың ба? Мен саған бәрі домалақ болсын деп айттым ғой!

– Құдайым-ай, ең болмаса бұл не үшін қажет екенін айтсаңызшы! – депті Ботабек әдеттен тыс тапсырыстың сырын білмек болып.

– Мына Аршалыда енем бар емес пе, тоқалдың шешесі, «Үйлеріңнен маған бір бұрыш табылар» деп құлақтың етін жеп барды...

Аузын ашып қалған Ботабек енді мұндай құнды тапсырысты қалай орындауды білмей басы қатуда.

«НӘСІЛШІЛДІКТІҢ ҚҰРБАНЫ»

Өмірімізге компьютер жаңа ғана араласа бастаған тоқсаныншы жылдардың соңында Владимир Ломохов деген шебермен жақын танысуға тура келді. Өзі де бесаспап маман екен, кез-келген компьютерді шағып тастап, қолма-қол қайта жинайды.

– Володя, осынша өнерді қайдан үйрендің? – деп сауал тастадым

бір күні оның шеберлігіне тәнті болып.

– Ресейден, содан соң Америкадан, – дейді Володя компьютерді шұлқылап отырған күйі басын көтерместен. – Мен бұрын Новосібірде тұрдым ғой. Сол кезде Америкада стажировкадан өткем. Тұтас алты ай бойы сол елдің дәмін татуға тура келді.

– Иә, қиын болған жоқ па?

– Несі қиын? Алғашқы кезде ауа райына, диалектіге жаттыға алмай сәл ыңғайсыздық сезіндік. Соңынан үйреніп кеттік. Онда екі орыс, екі украин және бір молдаван бірге барған едік. Бір программалық компанияда жүз адам жұмыс істедік.

– Ішінде негрлер де болған шығар?

– Болды, әрине. Өздері жайсаң, жақсы жігіттер. Бірде мынадай бір қызық болды, – деп Володя жұмысын жинап, көзілдірігін бүктеп алып қойып, әңгімеге кірісті: – Күн ыстық еді. Жұмыс аяғында тура өзіміздегідей сыраhanaға бардық. Бесеуміздің жанымызға тағы бес-алты негр жігіті ерді. Оны-мұны айтып, біраз отырдық. Бір кезде Джек есімді негр: «Сендер, орыстар, қанша айтқанмен, сырттан келген адамсыңдар ғой, сондықтан, байқауға тиіссіңдер – мұнда демократия қаншалықты дәріптелгенімен, бізде нәсілдік кемсітушілік бар», – дегені ғой. Біз оны жұбатып жатырмыз. Оңбағандар барлық ұлтта, барлық нәсілде кездесетінін, бірақ нәсілге бөлу Батысқа тән екенін, Ресейді мысалға алып, онда нәсілшілдікке мүлде жол берілмейтінін айттық. Сендіре алмадық. Тіпті, болмаған соң орыс пен африкалықтардың мәңгі достығының мысалына Ресейдің ең ұлы да сүйікті ақыны Пушкиннің ата-тегі негр екенін алдыға тарттық. Сендіре алмадық. Тағы да жабыла дәлелдедік. Пушкиннің арғы аталары Ганибал мен Петр I патшаның достығы жайлы, оның қалай үйленгені туралы аңызды баяндадық. Ақыры сендірдік-ау. «Жарайды, жақсы, – деді Джек, – орыс пен негрдің достығына сендік. Енді осы жігіт туралы кеңірек әңгімелеп беріңіздерші». Жамырай шуласып, Пушкиннің өлеңдерін оқимыз. Арасында Лермонтов пен Есенин шығармалары да кетіп қалады. Оған қарап жатқан біз жоқ. Ақыры негрлер жаппай қол шапалақтап, бізді эзер тоқтатты. «Қазір сол ақын қайда?» – деді Джек ақырын ғана. Пушкин әйелінің ары үшін дуэльге шығып, жекпе-жекте қаза болғанын айттық.

– Тоқта! – деді Джек. – Оны өлтірген кім?

– Дантес деген сұмырай...

– Ол ақ адам ба еді?

– Иә!

– Міне, көрдіңдер ме?! Бүкіл Ресейде жалғыз-ақ негр ақын болған екен. Оның өзін ақ нәсілді адам өлтіріпті! Енді, бізде нәсілшілдік жоқ дейсіңдер, сенбейміз!

Джектің сөзінен кейін оған айтар ешқандай уәжіміз болмады. Жеңілдік.

Ресейде неофашистік әрекеттер көрініс берген шақтарда Володьяның әңгімесі еске түседі.

Аудармалар

Григорий ПРУСЛИН

«ҒАЖАЙЫПТАР АЛАҢЫ»

Сергей Лисицынды Мәскеуге бүкіл ауыл-аймақ болып шығарып салды. Крутозадск қалашығы шағын, кент деуге де болады. Араларынан біреу астанадағы «Ғажайыптар алаңы» атты сүйікті хабарға қатысуға баратынына көпшілік қатты қуанды.

Серега алғашқы үштікке екінші болып түсті. Ол «О» әрпін бірден тапты, бақыт дөңгелегін екінші рет айналдырғанда, үлесіне жүлде шықты. Қу мүйіз Якубович қанша айналдырып, алтын тау уәде етсе де, Сергей сынбады. Жүлде! Айттым, бітті! Якубович пұшайман болды. Биік өкше, бүлкіл бөксе бикеш Серегаға тамаша шырын айдағыш әкеліп берді. Серегаға аппарат та, қыз да қатты ұнады. Ол сәтті күні сәтті ойын болды деп түйді. Өйткені, жары Ольгаға, қызы Машенькаға ыстық сәлем жолдап, Леонид Аркадьевичка енесі арнап жіберген сәлемдемені—үйде тұздалған бір банкі қиярды тапсырып үлгеріп еді.

Крутозадскіге Лисицын көңілі шалқып, жүлдеге қуанған Ольганың жүзін, қызыға қараған көршілерін, әріптестері мен достарын көзіне елестетіп оралды. Пәтердің есігін өз кілтімен ашып, табалдырықтан аттай бері: «Сәлем, міне, мен келдім!» деп жар салды. Қызығы, бөлме мен ас үйде шам жанып тұрса да, Сереганы ешкім қарсы алмады, мойнына асылмады. Таң-тамаша болған Сергеға ас үйге бас сұқты. Ольга стол басында отыр екен. Көздері боталап, жас үйіріле қалыпты.

– Не болды?—деп сұрады Сергей орындыққа төмендей беріп.— Маша бірдеңеге ұшыраған жоқ па?

– Машаңа не болушы еді?!—деді әйелі танауы тыржың етіп.— Шешем келген. Енді бітті, ешқашан мұнда бас сұқпаймын деп кетті... Сен үшін.

– Неге?—деді сасқалақтаған Сергеға.—Мен не жазыппын?

– Жаздың, жаздың!—деді Ольга орамалмен жасын сүртіп жатып.—Шешеме сәлем айта салсаң, жаның шығып кете ме? Сүйікті енем Хухина Зинайда Петровнаға сәлем десең, ол қалай мәз болар еді. Шешем қатты күйзелді. Якубовичке менің тұздаған қиярымды сыйлағанда сондай, сәлем жолдауға сараң. Ондай күйеу баланың бетін көргім келмейді, сендерге қарай енді аяқ баспаймын деп кетті...

Ольга қайтадан бырс-бырс жылай жөнелді.

Мұндай қарсылауды күтпеген Сергеға не айтарын білмей, басын шайқай берді. Есіктің сықыр еткен дыбысын естіп, қарай берген. Босағада бесінші сыныпта оқитын қызы Маша тұр.

– Машенка, – деп тұра ұмтылды әкесі.—Қарашы, саған қандай сыйлық әкелдім!

Қызы бір қадам шегініп, дәлізге шықты.

– Сәлем, – деді сызданып, дыбысы тісінің арасынан әрең сыздықтап.—Кеше сыйлығыңды алдым. Мектепте. Сынып сағатында Нина Григорьевна көптің көзінше сілейтіп салды. «Маша Лисицына мінез-құлқын жөндеуі керек, мәдениеті төмендеу. Отбасы үлгісіз баладан не күтуге болады. Әкесі, әні, телеойынға қатысты, бірақ мектепке, жалғыз қызының сынып жетекшісіне сәлем жолдау ойына да келген жоқ. Тоқсан болса аяқталып қалды, тиісті бағасын қоярмыз» деді.

Қабағын қатулана түйген Маша жайлап бұрылды да сыртымен, жүрісімен әкесіне деген ренішін анық аңғартып, дәлізге жөнеле берді.

Сереганың көзі шарасынан шықты. «Мәссаған, ойын, – деген ой санасын осқылап өтті, – туыстарымды жетістіріппін. Жарайды, бәрі ұмытылады, қалыпқа түседі».

Бірақ, «Ғажайыптар алаңы» Лисицынның соңынан қалмады. Кешкілік аулада байырғы тамыры Жека Зарубин ұшырасты. Досын көрген Серега жымия күліп, Жекаға Мәскеуден арнайы алып келген польяк білезігін сыйлау үшін қалтасына қол жүгіртті. Жека білезікке саусағын да тигізген жоқ.

– Жарамсақтанбай-ақ қой, – деді ол көзін сығырайтып. — Алдағың келе ме? Әлде мұндай ойыншықты сатып алуға ақшасы жоқ деп ойладың ба? Шын дос болсаң, қолыңды көтеріп, досым Евгений Зарубинге сәлем жолдаймын демейсің бе? Бүкіл отбасымызбен теледидардың алдында отырдық. Сені көрсетуін күттік. Сол үшін зауыттағы кезегімді ауыстырдым. Ал сен...

Жека қолын бір сілтеп, сілейіп тұрып қалған Сереганы айналып өтіп, жөніне кетті.

Көктегі көңілі күл талқан болған Лисицын ертеңінде нан тауып жүрген зауытына бара жатып, бір жайсыздықты сезгендей жүрегі алабұрта берді. Сезігі алдамапты. Әріптестері келіп, қолын қысып, арқасынан қағып әспеттемек түгілі теріс айналды. Сөз арасында бригадир Василий Николаевич: «Лисицын, сен бригадада қанша уақыт істейсің?» деп сұрай салған. Серега қалай жауап қатқанын білмей де қалды:

– Алтыншы жыл.

– Міне, алтыншы жыл, – деп саусағын шошайтты Николай. — Сонда да бөтенсің. Өзім жұмыс істейтін механикалық бригадаға сәлем жолдаймын. Бригадиріміз Петухов Василий Николаевич деп қолыңды бұлғай салуға еріндің бе? Бар болғаны бір секундтық шабуа. Түкке тұрмайды. Бірақ, біздің көңілімізге қуаныш себеді.

Сергей бар болғаны иығын қушытып, басын салбыратты.

Жұмыс күнінің аяғында есеп-қисап бөлімі мүлде жер етті. Мұның кезегі келгенде кәрі есепші Иван Иванович Кобылкин көзәйнегінің үстінен сүзіле қарап алып:

– Лисицын, сен ведомосқа қол созбай қоя тұр. Зауыттағы ақшаның жайын жақсы білесің, елдің бәріне жетпейді. Басшылық бұйрық берді: Лисицынға сыйлықтың қажеті қанша? «Ғажайыптар алаңында» сөзге келмей бәленбай мыңнан бас тартып, жүлдені алды деп. Солай, Лисицын, жүре бер, жолың болсын. Келесі жолы телевидениеге барғанда, алдымен кімге сәлем жолдауды ойланып ал...

Уақыт өте келе бәрі қалыпқа түсті. Бригадамен де, Жекамен де, тіпті енесімен де қарым-қатынас оңалды. Бірақ жұма күндері экранда мұртынан күліп Леонид Якубович пайда бола кеткенде Сергей Лисицынның тұла бойы дір ете қалып, шылым шегу үшін ас бөлмеге шығып кетеді де «Тәтті ұйықтаңдар, бөбектер!» хабары басталғанша келмейді. Айтпақшы, жүлдеге алған аппаратпен әйелі сығып берген шырынның бетіне қарай алмайтын аллергия пайда болды Сергейде.

Владимир РОГЛЕНА

ЖАҚСЫЛЫҚТЫ БІЛМЕЙТІН ЖАРЫМЕС

Түн. Праганың көзге түртсе көргісіз түні. Малостран алаңында жалғыз машина тұр. Жалғызсыраған жүргізушісі көрінеді.

Гапочка машинаға таяп келіп, сауал тастады:

– Такси ма?

– Жоқ. Итаяқ от алмай тұрғаны. Егер машинаны кішкене итеріп жіберсеңіз, мен сізді баратын жеріңізге жеткізіп тастар едім.

– Өте жақсы, – деген Гапочка машинаның сауырына иығын тіреп, бар күшімен итерді. Автомобиль қозғалып кетті де, жылдам от алды. Гапочка жүргізушінің жанына жайғасты.

– Қайда?

– Жазғы алаңға, – деді семіз денесін эзер игерген Гапочка еңтіге дем алып. Кашнесінің ұшымен тер жапқан маңдайы мен мойнын сүртіп қойды.

Олар Жазғы алаңға келді.

– Мен сізге қанша берейін? – деп сұрады Гапочка.

– Қойыңыз, ол не дегеніңіз?! Егер сіз машинамы да тағы да бір қозғап жіберсеңіз, алғыстан басқа айтарым жоқ. Моторында бір кінәрат болып жүргені.

Гапочка машинаға иығын тіреп, салмағын сала итерді. Машина қозғалды, бірақ от алған жоқ. Гапочка тағы да итерді. Тағы да...

Біраз уақыттан кейін олар қайтадан Малостран алаңында болды.

– Жә, жететін шығар? – деді ентігін баса алмаған Гапочка сауалды жүргізушіден бұрын өзіне қойған сыңаймен. Машина иесінің жауабын күтпестен, қоштасудың ырымын жасап, қолын бір сілтеген ол Жазғы алаңға қарай балпаңдай жөнелді.

– Әй, бері қара! – деді жүргізуші соңынан айқайлап, – білгің келсе, мен бұл жерде емес, Флорентийскіде тұрамын.

Гапочка бұрылып та қараған жоқ. Зығырданы қайнаған жүргізуші сыбап жіберді:

– Міне, осыдан кейін жақсылық жаса адамдарға! Шаршап, аяғын баса алмай тұрған жерінде жолыңнан қалып, бір тиын ақы алмай, үйінің табалдырғына дейін жеткізіп саласың. Ол сені түн ішінде орта жолда қалдырып кете барады. Неткен ұятсыздық.

Владимир БУЛАРГА

САРАҢ

Бірде көшеде байырғы танысыма кездесіп қалдым.

– Қал қалай?—дейді сынап қарап.

«Жақсы» деп айтсам, ішінде ит өліп жатқан неме қызғанады—түні бойы ұйықтамауы бар. «Жаман» десем, қуаныштан жүрегі жарылуы мүмкін. «Өгіз өлмейтін, арба сынбайтын» жауап қайырған жөн болар. Қазір елдің бәрі «Ептеп» дейді. Мен де сөйттім:

– Ептеп.

– Есінде ме, осыдан үш ай бұрын сенен қарызға он сом алып едім

ғой.

Оның қашан, қандай жағдайда он сом қарыз алғаны есімде қалмапты. Ол оқиғаның қалай болғанын тәптіштеп айтып берді.

– Кешір, – деді ол, – қазір қалтамда ақшам жоқ, келесі жолы кездескенде міндетті түрде қайтарам.

– Жарайды, қайтесің соны. Есіңе де алма. Сау бол!

– Сау бол!

Әрқайсымыз өз бағытымызға кеттік.

Шамамен үш ай өткенде сол танысымды қайта жолықтырдым.

– Қал қалай?—дейді ол.

Байырғы сарынмен жауап қайырдым:

– Ептеп.

– Есіңде ме, осыдан жарты жыл бұрын сенен қарызға он сом алып едім ғой?

Он сом қарыз бергенім баяғыда есімнен шығып кеткен-ді, сондықтан ол қашан, қандай жағдайда қарыз алғанын қайтадан тәптіштеп айтып берді.

– Кешір, – деді тағы да, – қазір ақшасызбын, бірақ келесі жолы міндетті түрде қайтарам.

– Жарайды. Ұмыт.

– Жақсы, сау бол!

– Сау бол!

Арада тағы жарты жыл өткенде сол танысыммен тағы да жолымыз түйісті.

– Қал қалай?—дейді ол.

Менікі бір жауап:

– Ептеп.

– Есіңде ме, мен сенен он..., – деп танысым сөзін бастап келе жатқан.

– Есімде-есімде саған он сом қарыз бергенім, келесі жолы сен маған міндетті түрде қайтарасың.

– Нағыз хас сараңның өзі екенсің!—деді танысым.—Жыл айналды, ал сен сол бір он сомды ұмытпай әлі сұрап жүрсің. Мен саған соқыр тиын да қайырмаймын. Сау бол!

Жолымыз екі айрылды. Сол он сомды ол шынында да қайтарған жоқ. Сараңның сазайын берген жөн ғой.

...деген екен

«МҰХАМЕД ПАЙҒАМБАР ҚЫЗЫҚ ЖІГІТ ЕКЕН»

Бұрынғы Қарқаралы оязына қарасты, шақпа тілді шаншарлар қоныстанған Едірей болысын көп жыл билеген Жаманкөт (азан шақырып қойған есімі Есмағанбет, Жаманкөт – жеңгелерінің қойған аты) атамыз азулы болыс қана емес, қоғам келбетін, заман ағымын дәл бағамдай алатын тұлға, аузы дуалы адам болыпты. Ат жалын тартып мінгеннен бастап ағайын арасының дау-шарына билік айтып, кейбір телі мен тентекті тізеге салып көндірген кезеңдері де бар екен. Сол Жамкөз егде тартқан шағында ислам шапағатына біржолата бет қойып, діндарлық жолға түсіпті. Сөйтіп, жетпістен асып жер таянған шағында Мекке мен Мединаға зиярат етіп, мұсылманның бес парызының бірін өтеуді ойға алады.

Жанына тату жолдасы хәм туысы, бұрын жол көрген Бәкім қажыны, басқа да серік адамдар алып сапарға аттанады. Аз ба, көп пе жол жүріп, ойға алған мақсаттары орындалып, Қағбаны айналып, Арафат тауына шығып, шайтанға тас лақтырып, құрбандық шалып, парыз өтелгеннен кейін қайтуға жиналады. Жолға әзірленіп жатқан туыстарына қарап Жәмкен: «Апыр-ау, мен осында қалуға тиіс едім ғой! Маған пайғамбар отанынан топырақ бұйыруға тиіс-ті» депті. Сап-сау адам не айтып отыр деп аң-таң болады серіктері. Жәмкен сол түні ауырып шығып, таң алдында қайтыс болады. Марқұмды өз қолымен жуындырып, арулап қойып, ақтық сәлемін туған жері мен отбасына жеткізген Бәкім қажы сәлемдесуге келген ауыл адамдарына оқиғаның қалай болғанын әңгімелейді.

- Мұхамед пайғамбар қызық жігіт екен, – депті сөз арасында. Бір сәт аңтарыла қалған жұрт:

- Қажы-еке, о не дегеніңіз? Асылық сөйлеп, Аллаға күпір болмаңыз, – деп, іштерінен имандарын айтып, мінажат етіп жатқанда Бәкім қажы:

- Рас айтамын, Мұхамед пайғамбар қызық жігіт екен, – депті. – Күні күйіп тұр. Бас сауғалайтын не ағаш, не бұта, иә болмаса, басқадай көлеңке жоқ. Жанып тұрған құмды бассаң, табаныңа шок тигендей болады. Арафат тауын айналып, қасиетті қара тастың жанына жеткенше көзіміз алақтады, тіліміз салақтады. Зәмзәм суы деп ішкеніміз таңдай жібітуге келмейтін, жылымшы татыған бірдеңе. Сонда деймін-ау, Аллатағаламен осыншама таныстығы болып, тіл табысып жүргенде Мұхамед жарықтық мына біздің Қарқаралы, Едірей тәрізді құйқалы жерлердің бірін сұрап алса несі кететін еді. Мекке мен Мединаңыз құлазыған қу тақыр шөл.

- Күні ыстық, жері шөл дегеніңіз рас та шығар. Әйтеуір пайғамбарымыздың жанынан Жәмкеңе топырақ бұйырғаны сауапқа жазылып, жарықтық иманды болса, басқа қандай арманы бар – дейді ауылдың ақсақал-қарасақалдары.

- Бәлкім, сіздердікі де жөн шығар. Бірақ, мен көрген Мекке мен Медина кісі қызығып өлетін жер емес екен. Жәкең жарықтық та туыстарым иман іздеп енді мұнда келмей-ақ қойсын деп сәлем жолдап қалған еді, – депті Бәкім қажы.

- Құдай-ау, қажы басыңызбен осындай сөз айтып отырып жұмаққа барудан сіз де үміттенесіз бе? – деп сұрағандарға Бәкен:

- Жұмаққа біз бармағанда, ол жерге ешкі бағады деп пе едіңдер, – деген екен.

«УЫСЫҢ ТОЛЫП ОТЫРСЫН»

Шаншар атаның баласы сөзге, тілге болмаса, қол іске олақтау соғатын әдеті. Сондықтан, содықтан олардың ішінде баукеспе ұрылар, барымташылар, бас жарып, көз шығаратын төбелесқорлар сиректеу кездеседі. Дегенмен, ел ішінде бірер тентек жүрмей ме. Бір жылы қыс аяғы созылып, мал жұтап, ауыл-аймақ жүдеген соң шаншардың екі жігіті ұрлықы кәсіп етіп, жан бағу мақсатымен,

Ертістің бойында отырған елге қарай жолға шығады. Мақсаттары – жылқы алу. Бірақ, олар ұрлық қылған күні «ай жарық» болып, екеуі де қолға түсіп қалыпты.

Оңай олжа таппақ болған «батырларды» түнгі күзеттегі жылқышылар аттан аударып алып, таң атпай дедектетіп, ауыл ақсақалының алдына алып барыпты. Ініне су құйған сарышұнақтай сүмірейіп, ұнжырғасы түсіп тұрған екеудің жай-жапсарын сұрап, ұрлыққа келген шаншарлар екенін білген ауыл ағасы өз жігіттеріне: «бұларды ұрмай-соқпай қоя беріңдер, тек ауыл сыртына апарып, тыр жалаңаш шешіндіріп алыңдар» деп кеңес береді. Сірә, жылқы аламыз деп шыққан, жайшылықта елді күлкі-мазаққа айналдырып жүретін шаншарлар еліне жаяу-жалпы, анадан туғандай боп оралуынан артық масқара жоқ деп ойласа керек ақсақал.

Жылқышылар үлкен кісінің айтқанын бұлжытпай орындап, «ұрыларды» тырдай жалаңаш айдап салады. Ертістің жағасынан Едірейге қарай шалқая тартқан екеу күндіз тасалау жерде бұғып жатып, түнде жүріп, даланың жеміс-жидегі мен шөптің тамырын қорек қылып, шыбын-шіркейге таланып, аптадан асқанда ауылдарының тұсына таяйды. Күн шығып қалған кез екен, мал сауып, қозы көгендеп, құлын желілеп жүрген келін-кепшік пен жігіт-желеннің күлкісіне ұшырап, бала-шағаны шошытып алмау үшін екі «батыр» ауыл сыртындағы бір төбенің басына, қалың бұтаның арасына тоқтайды. Күні бойы сол арадан ауылға баспалап қарап, кеш батып, қас қараюын күтіп жатады. Жерошақтан шүйкедей созылып шыққан түтін мен қара қазанда бүлкілдеп қайнаған сүрдің иісі апта бойы ыстық тамақ көрмей ашыққан, жаурап, жүдеген жігіттердің танауына жетіп, сілекейлерін шұбыртса да шыдамдылық жасайды. Тіпті, әрі-беріден соң өз-өздерін сөзбен қыжыртып, шаншарлықтарын жасайды. Сонда бірі екіншісіне:

- Әй, туысқан, екеуіміздің үйден шыққанымызға жұмадан асып барады. Бізді іздестіріп, жан-жаққа сұрау салмаса да, үй-ішіміз алаңдап, екі көздері төрт болып отырған шығар. Сіздің үйдегі замандастың құмалақ салатыны болушы еді, қазір де қырық бір бұршағын тартып жатқан шығар. Анау аталық мүшенді қолыңмен ұстай отыр, ең болмаса «отағасымның уысы толып келе жатыр» деп келіншегіңнің қабағы ашылсын, – деген екен.

«...ЕСЕБІН ТАПҚАН ЕКЕНСІҢ!»

Атақ-даңқы Бауыр-Бошан елінен асып, бүкіл Арқа мен Ертіс бойына тараған Мауқай жасырақ кезінде біраз жақсы-жайсаңдардың жанына еріп, өзі де төңірегіне жігіт-желең топтастырып, «... желіп жүріп жер таныған» тұлғалардың қатарынан екен. Сауық-сайран құрған сондай сапарының бірінде, Ертісті өрлеп келе жатып, қайтыс болған кісіні жерлеп жатқан топтың үстінен түседі. Жақындап барып, өзгелер сәлем беріп жатқанда, Мауқай:

– Қояр көбейсін! – деген дүр. Қадірлі ақсақалдары қайтыс болып, күйзеліп тұрған ауыл адамдарының бірі:

– Мынау не оттап тұр?! Бері әкеліндерші, бірге қойып жіберейік! – дейді ашу шақырып.

– Қанжығаларың қанданып, ауыздарың майланып тұр екен, сендер қойсаңдар қойып жіберетін шығарсыңдар, – деген екен Мауқай сонда. Сөз саптасынан тегін адам еместігін байқаған үлкендердің бірі ауыл тентегіне басу айтып, Мауқай бастаған жолаушыларды марқұмның қонақасына шақырады. Астың соңынан бата жасалып, марқұмның мұрагер баласы:

– «Қырықтың бірі – қыдыр». Әкеме бір дұға оқып жіберіңіз! – деп өтініш жасайды. Сонда білетін аяттардың бірін аңырата созып келген Мауқай батасын:

– Сілейіп жатқан екенсің,

Сірідей қатқан екенсің,

Көп туысың тары теріп тентіреп жүргенде,

Сен есебін тапқан екенсің, Аллаһу ақбар! – деп қайырған екен.

МАУҚАЙДЫҢ ЖОҚТАУЫ

Мауқай бозбала шағында Бораш деген байдың жігіті болып, барып кел, шауып кел жұмысын атқарады. Кейін, серілік құрып, сән-салтанатпен жүрген кезінде Бораш байдың қайтыс болғанын естіп, көңіл айтып барады. Ығы-жығы топты жарып, байдың балаларына көңіл айтып, күйеуін жоқтап отырған бәйбішеге көріседі. Өзгелер сияқты бірден құшағын жаза салмай, кемпірге жабыса түсіп:

– Қызылшоқы биігің,

Бауырыңда ойнар киігің.

Балалармен таласып

Қазанның жеуші ең күйігін – деп, бұрыла бере көзіне түкірігін жағып:

– Алдыңғы түйең – ыңыршақ,

Артқы түйең – тартыншақ.

Арманда кеткен Борекем-ай,

Үзеңгі бауың төрт пұшпақ, – деп, тағы бір қайырады. Бәйбіше: «Мауыш, қойшы! Жүйкемді босатпашы! – деген сайын еңкілін де, дауысын да күшейте түседі.

– Ақ қоян деп қарды атқан,

Ақ марал деп жарды атқан.

Жатқаныңнан тұрмағыр.

Мазалаушы ең Тәңірі атқан! – деген кезде бәйбіше: «Мауышжан, жыламашы! Ағанның құлын жарғағын киіп, торы жорғасын мініп кете ғой», – деп қалады. Сол кезде Мауқай: – Енді өзім де жыламаймын, – деген екен.

«ОЛ ЖОЛҒА ТҮСКЕНДЕР ҚАЙТПАЙДЫ»

Орталық Қазақстан өңіріне есімі таныс партия-кеңес қызметкері Жалау Балғабаев ағамыз Қу өңірінде 1943-44 және 1954-60 жылдары аупарткомның бірінші хатшысы қызметін атқарғаны белгілі. Сонда алғаш рет келгені өмір бойы ұмытылмай есінде қалыпты.

Соғыстың қайнап жатқан уақытында Қарқаралы арқылы дала жолымен Егіндібұлаққа әупірімдеп жеткен жолаушылар ауылдың сыртында қой бағып жүрген баладан аупартком кеңсесіне қалай баруға болатынын сұрайды. Өлгі бала ауылға кірген соң жол екіге бөлінетінін, соның оңға қарай кететініне түсу керек екенін айтады. Оның жауабына қанағаттанбаған Жәкен: «Әй, бала, сен өзің жолды білуші ме едің? Мүмкін солға бұрылатын жолға түскен дұрыс шығар», – деп пысықтайды. Сонда қойшы бала: «Қай жолға түсем десеніздер де еріктеріңіз. Бірақ, сол жаққа бұрылғандар қайтып келмеуші еді», – деген екен.

Көрсеткен жол бойынша аупартком үйін тауып, ұйымдастыру пленумы өткен соң, қызметке кіріскен жаңа хатшы жергілікті адамдарға қой қайырған баламен қалай сөйлескенін айтып, оның жауабының мәнісін білгісі келеді. Бұл жерге үйреніп қалған аупартком төрағасы: «Сол жаққа бұрылатын жол ауылдың зиратына апарарды», – деп жауап қайырады. Шаншар баланың сөз мәнісін Жәкен сонда ғана түсінген екен (ол қабірстан қазір ауыл ортасында қалды).

«БЖ» ДЕГЕН АУРУ

Жалау Балғабаевтың Қу өңіріне екінші рет хатшы болуы Н.Хрущевтің дәуіріне тұспа-тұс келеді. Кеңестік-орыстық отаршылдық пен озбырлықты шегіне жеткізген ұрдажық басшының тұсында әрбір отбасы 1 сиыр немесе 1 бие және 5 қой (шошқа) ұстасын, одан

артылғаны мемлекет бағасымен етке тапсырылсын деген нұсқау шығып, шаруалар қайтадан қысымға түседі. Шаш ал десе, бас алатын жергілікті әкімқаралар бұйрықты бұлжытпай орындауға белсене кірісіп, халықтың басына әңгіртаяқ орнатады. Бала-шағаның ырысы деп отырған малын жұрт оңайлықпен бере қоймай, түрлі амал қарастырады. Малынан айрылмай тыртысқан елдің бірі «Едірей» колхозының тұрғындары екен. Мұны білген Жәкен ауыл тұрғындарын қуырып алмақ болып, өзі жолға шығады. Келсе, әрбір үйдің жанында, шыжыған жазға қарамай, жарқыратып мал сойып жатқан жұрт. Біреу сиырын, біреу жылқысын жығып алған. Таң болған хатшы жайын сұраса, ешкім жауап бермейді. Басқарма да күмілжіп, төмен қарайды. Сонда Тоқболаттың Бәшені деген атамыз: «Шырағым, оның несін сұрайсың? Ел шетіне «БЖ» деген індет келді деп, халық әбігерге түсіп жатыр ғой. Әйтеуір, соңының қайырын берсін!» – деп салған екен. Басқарма сонда ғана: «Бұлардың «БЖ»-сы ауруды сіздің атыңызбен байланыстырғаны. Малымыз арзанға кеткенше, сойып алайық деген әрекеттері ғой», – депті. Ел наразылығы шегіне жеткенін сонда ғана түсінген Жәкең машинасына бұрыла беріпті.

«ЕРТІС БОЛАЙЫН ДЕП ПЕ ЕДІҢ!?.»

Өткен ғасырдың ортасында Арқалық өңірінде, қазіргі Тәттімбет ауыл округінің аумағында ғұмыр кешкен орақ тілді адамдардың бірі Садық есімді ақсақал екен. Жай уақытта көп үндемесе де, ретті жерінде қарсыласын бір-ақ ауыз сөзбен отырғызып кететін көрінеді. Көп жыл Шүрегей-Әбден қыстағын қоныстанып, мал баққан Садекең көктемнің қарезек кезеңінде әлдебір шаруасымен колхоз орталығына бара қоймақ ниетпен жолға шығады. Дәл Ақтасты аулының тұсына келіп, өзеннің келесі жағасына өтейін десе, Түндікте қызылсу жүріп кетіпті. Төмендегі жайдақ өткел алыс, өгіз арбамен ырғатылып барғанша көз байланып қалады. Сөйтіп, тәуекелге бел

буып, ұста Бүрге атаның үйі жанындағы өткелге өгіздерін қақпайлап түсіп кеткен екен. Жайшылықта тобықтан әрең асатын Түндік буырқанып, долданып жатса керек, өгіз арбаны іліп ала жөнеледі.

Жаратқанға сыйынып, ақсарыбасын айтып, кері қайтып кетпегеніне өкіне бастаған Садекең жанынан түңілуге таяғанда, өгіздерінің аяғы қара жерге тиіпті. Мал болса да, жан беру оңай ма, барын сала ұмтылған қос қызылқасқа өлдім-талдым дегенде келесі жағаға алып шығады. Қан сорпасы шыққан өгіздерін әукесінен сиіпап, өзі де демін басқаннан соң Садекең жұлқына бұрқырап жатқан Түндікке қарап: – Күрілдеуін қарашы! О несі, Ертіс боламын деп жатырсың ба!? – деген екен.

«ӘРКІМ ӨЗ КӨЛІГІМЕН ЖҮРЕДІ»

Өткен ғасырда Егіндібұлақ өңірінде ғұмыр кешкен Ғабдолла Есжанов (қазір Егіндібұлақтағы бір көше осы кісінің атында) есімді ақсақал іскерлік қабілетімен, адамгершілік қасиетімен ғана емес, орамды ой, тапқыр сөздерімен де ауылдастарының есінде қалған адам.

Елуінші-алпысыншы жылдары Ғабекең Қу аудандық жол жөндеу мекемесіне басшылық жасайды. Соғыстан кейінгі, ел тұрмысының ауыр кезі. Шаруашылық, мекеме жетекшілерінің бәрі дерлік атпен жүреді. Аудандық деңгейдегі бастықтарға қызметтік жеңіл автокөліктер жаңа ғана беріле бастаған. Шағын кәсіпорынды басқарып отырса да жасының ұлғайғанын алдыға тартқан майдангер аупартком мен ауаткомның атына бірнеше мәрте өтініш түсіріп, қызметтік автокөлік сұраумен болады. Әйткенмен, талабы орындала қоймайды.

Бірде аудандық партия комитетінің пленумы болып, Ғабекең мекемеге таяуда ғана келген автогрейдерді (жол жөндейтін күректі трактор) осы жиынға мініп келеді. Қыс тоқсанының ортасы болса керек. Жанар-жағар майдың, соның ішінде солярканың мол кезі.

Автогрейдері мұздап, суы қатып қалмасын деп Ғабекен оны қыздырып қояды.

Пленум күн тәртібіне сай өтіп жатады. Трактордың тырылдаған үні баяндамасына бөгет жасағанымен, аупартком хатшысы әуелде оған мән бере қоймайды. Қазір кетер деген трактор не кетіп қалмай, не дыбысы өшпей қойған соң, баяндамашы:

- Біреуің барып біліндерші, тракторын аупарткомның дәл жанына әкеліп, дарылдатып қойған кім екен? Жылдам әкетсін, – дейді.

Сол кезде залда отырған пысықайлардың біреуі: «Ол үшін сыртқа шығудың қажеті жоқ. Трактордың иесі осында отыр. Пленумға бөгет жасап тұрған Есжанов жолдастың техникасы», – дейді. Хатшы сұраулы жүзбен Ғабекенге қарайды. Сонда Ғабекен жұлып алғандай:

- Әркім өзінде бар көлігін мініп келеді, – деген екен. Хатшы да сөз білетін ауылдың баласы болса керек, көп ұзамай Ғабекеннің тақымына аупарткомнан ауысқан бір автокөлік тиіпті.

ТЕЛАҒАҢНЫҢ «ТЕРМЕЛЕРІ»

Есімі әлемге танылған қылқалам шебері, Семей ядролық атом полигонының зардабын шеккен Кәріпбек Күйіковтің әкесі Телтай ағамыз анау айтқандай ақын болмаса да, реті келгенде бірер шумақ өлеңді айтып жіберетіні бар еді. Саналы ғұмыры автокөлік рөлінде өткен Телағаң ұзақ жыл «Казсельхозтехника» кәсіпорнының автоколлоннасында жүргізуші болды. Өткен ғасырдың жетпісінші жылдарында кәсіпорын басшысы Сапарбек (Хозедиас) Ақынов ағамыз қоймаларда шашылып жатқан құрал-жабдықтар мен босалқы бөлшектерді жинастырып, ретке келтіру үшін арнайы сөрелер алғызып, құрғызады. Сонда Телағаң:

– Управляющий Сапарың,

Түзетті ғой стеллаждар қатарын.

Автосайман қолда жоқ,

Кім біледі енді нені сатарын?! – деген екен.

Темір жолдан алыс жатқан Егіндібұлақ ауданына халық шаруашылығы жүктерін тасымалдау салмағы автоколонна жүргізушілеріне түскендіктен, олар ұдайы Қарағанды – Егіндібұлақ жолының үстінде болады, ұдайы топтанып жүреді. Бірде, сондай сапардың кезінде Телағанның машинасы сынып, кейіндеп қалады. Басқалар қарайлай қоймайды. Сонда Телтай ағамыз шамамен былай деген екен:

– Қараңғыда жол бастар,
Қайратты ер Қайрекең.
Тау қозғалса, қозғалмас,
Байсалды ғой Алпекең.
Таутекенің құлжасындай
Қодыраңдаған Рекең.
Еркебұлан сүт кенже –
Жылтындаған Аманың.
Барлығыңа ере алмай,
Мен болдым ғой шабаның...

*Қайыркен, Алпамыс, Рахметолла, Аман – Телағанның әріптестері, автоколонна жүргізушілері болатын.



Ауылдың айтқыштары

МӘДЕНИЕТТІҢ ҰШҚЫНЫ

Бұрынғы Қу ауданының Едірей – Арқалық өңірінде Шот және Сембай деген ағаларымыз өмір сүрді. Марқұмдардың иманы жолдас болып, Алланың нұры жаусын, екеуі де сөзге қонақ сұрамайтын, айтқыш адамдар еді. Жүрген жерлері базар-думан болатын. Бірде екеуі сапарлас болып, ел аралап жүргенде Шот ағамыз Сембай замандасына ата жұртыңызды көрсетіңізші деп қолқа салыпты. Барса, Секеңнің аталары тұрған қораның қарамы шағын, жіті көзге мұндағы адамдар кедейлеу ғұмыр кешкені аңғарылып тұрса керек. Соны бірден байқаған Шөкең Сембай замандасына қарап:

– Апыр-ай, Секе, қалай мәдениетті тұрғансыздар! Мынау өзі моншаның орнына ұқсайды екен, – депті Секеңнің аталары жарлы болғанын тұспалмен мойындатып.

ТОПЫРАҚТЫ САҒЫНЫПТЫ

Қазіргі Қарқаралыға қарасты Егіндібұлақ өңірі дербес аудан болып тұрғанда, өткен ғасырдың 50 – 80 жылдары білім беру және мәдениет салаларында басшылық қызмет атқарып, халықтың әлеуметтік һәм рухани дамуына сүбелі үлес қосқан Орынбек Жәкешев (Егіндібұлақ аулының орталық көшесі бүгіндері осы кісінің есімімен аталады) ағамыз тілі майда, астарлап сөйлеудің шебері де еді. Бір күні Орекең бірер жолдас-жорасымен келе жатса, есігінің алдына төгілген құмның үстінде күнсіп, сүйегін қыздырып отырған Байжұманов Күрдеубай қарияны көреді (Қу өңірінде кеңес өкіметін орнату ісіне қатысқан оның да атында көше бар ауылда). Жанындағы серіктерін қарт адамға сәлем бере кетуге көндірген Орекең

жақындап қалғанда:

– Пай-пай! Ақсақалдың топырақты сағынуын қарашы! – деген екен.

БӘРІБІР ЕСТІМЕЙДІ

Егіндібұлақ аулының қадірлі ақсақалы Мұхтар Уахитов та сөз қадірін білетін, орнымен қолданатын адамдардың қатарынан. Оншақты жыл бұрын, қыс уақытында болса керек, Қарағандыда тұратын інісі Бекен келіпті. Таңертең бейітке барып, қабірстандағы аруақтарға дұға бағыштап қайтуға жиналады.

Барса, Балқантаудың беткейіндегі Балабейітті қар басып қалыпты. Мұқаң дұғаны сыртта тұрып-ақ оқи берейік десе, Бекен әйтеуір жанына келгеннен кейін, ішке кіріп, әкейдің басына барып қайтайық деп, көнбепті. «Аға – бордан, іні – зордан», ақсақалдың басына құран оқып, қар кешіп қайтып келе жатқанда Мұқаң:

– Бекен-ай, сыртта тұрып бағыштаған құранымыз да аспандағы аруақтарға жетеді десем болмай, омбылатып қойғаның, міне. Әкей дұғаны алыстан оқысаң да, дәл жанына барып оқысаң да, бәрібір естімейді, – деген екен.

P.S. Уахит ақсақал құлағы тосаң еститін адам болып еді.

«БИЛІККЕ ЖЕТІМДЕР КЕЛДІ»

Бәлендей шешендігі болмаса да әкеміз Балташтың ретті жерінде айтып тастайтын жатыпатарлығы бар еді. 1985 жылы М.Горбачев КСРО басшысы болып келгеннен кейін бірер жылдың ішінде В. Гришин, А.Романов, Б.Понамарев, Д.Қонаев, В.Щербицкий тәрізді байырғы кадрларды қызметінен алып, олардың орнына ойранды

отыз бен қыркыншы жылдардың қырғыны тұсында дүниеге келіп, ер жеткендерді әкеліп қоя бастады. Ауыл қарттарының ортасында сол тақырып бір сөз болып қалғанда әкей: «Мына қасқаң бүйірі шығып тамақ ішіп көрмеген жетімдерді әкеліп жатыр. Осы шіркіндер өкіметті құлатып алмаса игі», – деген еді. Шалдың айтқаны дәл келіп, арада бес-алты жыл өтпей қызыл империя қақырап құлап түсті.

«ЗДРАСТВУЙ, ЕДРЕЙУШКА!»

От ауызды, орақ тілді адамдар қазақ даласының әр өңірінде, әр заманда ғұмыр кешкені белгілі. Дегенмен, негізінен шаншарлар қоныстанған Қу – Едірей жұртының орны бөлек екенін ешкім де жоққа шығара алмас. Сондай адамдардың бірі Зияда Сақалов деген ағамыз елі. Ол кісі өткен ғасырдың қыркыншы-елуінші жылдары Қу (кейінгі Егіндібұлақ) ауданының «Едірей» колхозын басқарған екен. Ұдайы жоғары көрсеткішке жететін ұжымды басқарып отырған ағамызға бір жылы шипажайда дем алуға жолдама беріледі. Колхоз төрағасы сыртта жүргенде Едірейде өрт шығады. Тау ішіндегі өртті сөндіру қиын. Оның үстіне, аудан орталығынан басшылар, күш-көлік келіп, өрт сөндіруді ұйымдастырғанша біраз уақыт өтіп, көп жер жанып кетеді. Демалысын үзіп, ауылға келген Зияда ағамыз сонда:

– Здравствуй, Едрейушка,
Погарела немножка.
Гром гремит, земля горит!
Бог даст: дождь будет – потушит.
Если дождя не будет,
Черт с ним!
Сами справимся, – деп өлеңдете жөнеліпті.

«КОММУНИЗМ ЕДІРЕЙДЕН БАСТАЛАДЫ»

Едірей – қысы да, жазы да жанға жайлы, төрт түлік мал жыл бойы бақташысыз жайылатын, қазақтың өмір сүруіне қолайлы-ақ жер. Бір жылға әзірлеген жемшөбі келесі жылға іркіліп қалатын өңірдің ең олқысы – 15-20 жылда, қар терістіктен жауған жылы ғана сәуірге дейін таудың төбесі тесілмейді, қысқа күйлі түскен малдың өзі қалтырап, сіңіріне ілініп шығатындай жұт болады. Өткен ғасырдың елуінші жылдарының басындағы «тақыр қоян» жұтында колхоздың біраз малы өлім-жітімге ұшырап, шаруашылық басшылары «халық жауы» атанбаса да аупарткомның бюросында «таяқ жеп», бір-бір қатаң сөгіс арқалайды. Жазасымен бірге колхоздың жағдайын жақсарту жөнінде тапсырма алған төраға Зияда Сақаловқа соңғы сөз беріліпті. Сонда ол кісі бюро мүшелеріне қарап:

– Жарайды, бүгін жеңдіңдер. Жамандай беріндер, жазалай беріңдер, коммунизм бәрібір Едірейден басталады! – деген екен.

«КЕДЕЙДІҢ ТАМАҒЫ»

Өткен ғасырда Абыралы өңірінде тілінің шоғы бар Қален деген адам ғұмыр кешкен екен. Соғыс уақытында тылға көшкені бар, тың көтеруге келгені бар, түрлі-түрлі желеумен ел ішінде бөтен жұрт өкілдері көбейіп, олардың аталы асынан қазақтар да дәм тата бастаған кез болса керек. Өлгіден Қален ақсақал да ауыз тиіпті. Ертеңінде құрдастарының бірімен кездесе қалып, амандық-саулық сұрасқаннан кейін Қалекен:

– Әй, Құлданбек, мына арақ дегенің нағыз кедейдің асы екен, – депті.

– Неге? Оны қайдан білдің? – дейді ғой замандасы.

– Ішіп көрсен, білесің – тамаққа жарымай аш жүргенің де, көйлегің жыртылып жалаңаш жүргенің де ұмытылады. Сырдың суы

сирағыңнан келмейді, – деген екен.

«АТА, ҚАШАН ӨЛЕСІҢ?»

Компартия идеологиясымен қаруланған, қылышынан қан тамған кеңестік дәуірдің өзінде аузынан Алласы, қолынан таспихы түспеген Жұмаш Бекішев деген ақсақал ғұмыр кешіп еді Едірей өңірінде. Балалары мен немерелерінің бойына исламның иманын ұялатып, ата-бабаның ақ жолынан аттамауға тәрбиелеген ақсақал бірде үйдегі топты адаммен сөйлесіп отырып, намаз уақытын өткізіп алмау үшін қалта сағатын дүркін-дүркін шығарып, қарай беріпті. Қария сағатына үңілгенде жанында отырған 4 – 5 жасар немересі Оразбек жылтыраған бұйымға қолын созып, сипалап қояды екен. Сәбидін сағатқа қызығып отырғанын көрген ақсақал:

– Мен өлгеннен кейін осы сағатқа сен ие боласың. Саған қалдырам, – дейді немересіне. Соны аңдып отырғандай Оразбек:

– Ата, қашан өлесің? – деген екен.

«ЖАЛАҢАШ ЖАУ АЛМАЙ ҚОЯ МА?»

Үлкен шешеміз Қамила Бекетқызы кезінде алыс-жақынға сөзін өткізген, келіндерін «бір шыбықпен айдаған» бәйбіше еді. Сол кісі қартайған шағында кенжесі Зияданың үйіне «сыймай», үлкен ұлының, яғни, менің әкемнің қолына келіп тұрды. Жай отырғанша «бір кебісті бір кебіске сұғып отыратын» еріккен адамдар әжеме тиісе береді. «Кенжемнің қолында тұрамын деп едің ғой. Келінің қуып шықты ма?» деген әңгімелер көбейген үстіне көбейе береді. Сондай бір кезекті сөз қағысудан кейін әжеміз абысындарының біріне: «Зиядам Зияда-ақ қой! Бірақ жалаңаш жау алмай қоя ма?» деген екен.

Қаламдастар қалжыңы

«... БАСЫНДА МИ ЖОҚ»

Бұл оқиға тоқсаныншы жылдардың бас кезінде болған дүр. Белгілі қаламгер, ғалым ағамыз Зарқын Тайшыбай желтоқсан айының соңына таман соғым алу үшін Қарқаралы ауданының Бақты – Абыз өңіріне барады. Соғымын сойып алып, енді Қарағандыға қайтқалы тұрғанында табан астында ауа райы бұзылып кетіп, түтеген боранда жолға шығу мүмкін болмай қалады. Күн ашылғанша екі-үш күн бөгеліп, көптен бері сағынысып жүрген жора-жолдас, тамыр-таныстардың басы қосылып, уақыт өткізу үшін карта ойының қызығына батқан екен. Әзіл-қалжыңға ұста Зақанды шақырушылар көп. Сөйтіп, кезекті бір үйге жинала қалып, преферанс сызуға кіріседі. Төртеуі қол көріп, ойыннан тыс қалғандары сырттай қызықтап тұрады.

Зақанның жақтасы өзімен қатты ойнайтын Өмірбек есімді қыл-жақбас жігіт екен. Кезегі келгенде сол Зақанның қолайына жақпайтын бір картаны жүріп қалады. Бұған қапаланған Зақан: «Әй, өзінде ми бар ма?!» –деп реніш білдіреді. Ойыннан тыс қалып, ерігіп тұрған біреу дәл осы сәтте терезе алдындағы радионың құлағын бұрап, іске қосып жіберсе, эфирде Жүсекең (Жүсіпбек Елебеков): «Өзінде ой жоқ, басында ми жоқ...» деп Абайдың «Сегіз аяғын» аңыратып жатыр дейді. Карта жайына қалып, елдің бәрі күлкіге қарық болыпты.

«КІЛТІҢ ТОЗЫП ҚАЛЫПТЫ»

Қаржы саласының маманы Серік Рымтаев деген ағамыз өткен ғасырдың сексенінші жылдары бұрынғы Талды ауданында халықтық

бақылау комитетінің төрағасы қызметін атқарды. Зақаң ол кезде аудандық «Шұғыла» – «Восход» газеттерінің редакторы болатын. Бұл кісілер Қарағайлы кентінде көрші тұрды. Бір күні таңертеңгілік жұмысқа шығып бара жатса, көрші үйден Серік ағамыз дауыстап шақырады. Барса, алғанына көп уақыт өтпеген машинасы от алмай жатыр екен.

– Маған қарағанда тәжірибелі шопырсың ғой, қарап жіберші, – дейді көршісі. Ол жер, бұ жерін шұқылап көріп, ештеңе шығара алмаған Зақаң сонда:

– Зажиганиясының кілтін ауыстырып па едіңіз? «Жигулидің» ен осал жері – осы. Кілтін жиі-жиі ауыстырып отыру керек, – деген екен.

«МАЙОР КҮЗЕТПЕСЕ БОЛА МА!?!»

Зақаң «Шұғыла» – «Восход» газетінің редакторы кезінде замандасы, «Доғалан» совхозының атақты шопаны Ахат Несіпханов, шаруашылықтың басшылармен бірге қонаққа шақырған екен. Қаратұмсық қыстағында аунап-қунаған меймандарды ертеңінде совхоз директоры, партком хатшысы, ауыл кеңесінің төрағасы, т.б. сорпаның бетіне шығарлары орта жолға, Түндік өзенінің бойына дейін шығарып салыпты. Жасы кішілері көгалға төсеніш жайып, дастарқан жасап, үлкендері екеуара әңгімеге кіріскенде, ауылдың учаскелік инспекторы Ақан Әубәкіровті Зақаң шетке шақырады. Екеуі қыр асып барған соң, оны-мұны әңгіме қылған Зақаң белін босатып, «шаруасын» бітіреді. Қайта оралып келе жатқанда Ақан ағамыз:

– Иә, Зақа, не айтпақ едің? – дейді құрдасының ойында қандай құпия барын білгісі келіп.

– Тәйірі-ай, не айтушы едім!? Ештеңе де айтпаймын, – дейді Зақаң жайбарақат.

– Онда оңашалап неге шақырдың?

– Пәлі, бірдей бір редактор түзге отырғанда, жанында бір майор күзетіп тұрмаса бола ма!? – дейді Зақаң отқа май құйып.

– Немене, сенің дәретіңді сонда біреу ұрлап кете ме? – депті сонда Ақан ағамыз күйіп-пісіп.

ЕРТІС ҚАЙДА ҚҰЯДЫ?

Өткен мыңжылдықтың соңғы жазында «Орталық Қазақстан» газетінің бір топ қызметкері іссапармен Ақтоғай ауданына барады. Сол кездегі аудан әкімі Төлеужан Ахметбеков мырза журналистерді өңірдегі тарихи орындармен таныстырып, Алаш көсемі Әлихан Бөкейхановтың ата-бабалары жатқан төрелер қорымына апарады. Мақсатты жерге жақындай бергенде көлік арнасы шағын суды кесіп өтіп, жол тағы да біраз сол өзенді бойлап жүріп отырады.

– Мына өзеннің аты не? – деп сұрайды жолаушылардың бірі аудан әкімінен. Төкең жиналып жауап қатқанша алдын орап кеткен ақын Серік Ақсұңқарұлы:

– Бұл – Тоқырауын ғой, – дейді, жердің тарихын мен де білемін, осы өңірдің тумасы боламын деген сенімді әуезбен. – Өне бір тұста Ертіс осы Тоқырауынға қосылады да, өзен жердің астымен барып Балқашқа құяды. Тоқырауын болмаса, Балқаш баяғыда құрғап қалар еді.

– Пәлі, Серік Қарағандыдағы пәтеріне түтікпен келіп тұрған суды да Тоқырауын өзені дейді, – деп журналистер мәз болысады.

Кейін Төлеужан мырза жолаушыларға бұл өзеннің аты Жіңішке, Тоқырауынның сағасы екенін түсіндіріпті.

ҚАЙҒЫСЫЗДЫҢ ҚАРНЫ ТОҚ

Тоқсаныншы жылдардың ортасында талантты ақын Тұрсын Жұмашев қайтыс болып, Қарағандыдан бір топ қаламгер Егіндібұлаққа барады. Қазалы үйдің азасын бөлісіп, марқұмды жер бесікке бөлегеннен кейін кері салған жолаушылар Қарқаралыға аялдамақ болады. Бұл жаққа сирек келетін меймандарды күтіп жібермек болған Серік Ақсұңқарұлы Жиренсақал әулие тауының етегіндегі ауылға қоныстанған анасының үйінен қой әкелуге кеткенде таяу маңдағы шаруашылық басшыларының бірі қаламгерлерді қонақ қылып, дәм береді. Секең оралып келсе, сапарластары тамақтанып жатады. Әсіресе, топ ішіндегі етжеңдісі табаққа сұғына кірісіпті. Қазашыққан үйде қарны тоя алмағанының есесін қайтармақ болғандай, екі ұртын толтыра күйсейді. Соны көрген Секең:

-Әй, саппасым-ай, Тұрсынды жерлеп, ас батпай, қара жамылып келе жатқан біздің түріміз мынау. Ал сен болсаң, табағың – алдында, тамағың – қарныңда, алаңсыз күйсектетіп жатырсың. Ертен мен өлсем де ешбір уайым-қайғысыз асыңды ішіп, күлкіңді күліп отырасың-ау, – деп салыпты. Әлгі байғұстың қапелімде сасқалақтағаны сондай, аузына салған еті не әрі, не бері өтпей, аңырып отырып қалады.



МАЗМҰНЫ

Автордан

Қилы-қилы қызықтар

Кезек

Мұндастар

«Апельсиннен айналдық!»

Шеберханада

Ескерткіштердің «есе қайтаруы»

«Бізде таразыға тартпайды»

Сұрақ

Қарапайымдылық

Клизма

Түстегі тілек

«Santa – Barbara»

Жарыссөз

Тапсырыс

«Домалақ үй»

«Нәсілшілдіктің құрбаны»

Аудармалар

«Ғажайыптар алаңы»

«Жақсылықты білмейтін жарымес»

«Сараң»

... деген екен

«Мұхаммед пайғамбар қызық жігіт екен»

«Уысың толып отырсын»

«Ол жолға түскендер қайтпайды»

«БЖ» деген ауру

«Ертiс боламын деп пе едiң!?»

«Әркім өз көлігімен жүреді»

Телағанның «термелері»

Ауылдың айтқыштары

Мәдениеттің ұшқыны

«Топырақты сағыныпты»

«Бәрібір естімейді»

«Билікке жетімдер келді»

«Здраствуй, Едрейушка!»

«Коммунизм Едірейден басталады»

«Кедейдің тамағы»

«Ата, қашан өлесің?»

«Жалаңаш жау алмай қоя ма?»

Қаламдастар қалжыңы

«... Басында ми жоқ»

«Кілтің тозып қалыпты»

«Майор күзетпесе бола ма!»

Ертіс қайда құяды?

Қайғысыздың қарны тоқ

Ермек БАЛТАШҰЛЫ. ЖИҒАН-ТЕРГЕН

Кітапты көркемдеуге ғаламтордағы
суреттер пайдаланылды

Редакторы: Әбдімәлік АҒЫБАЙ

Техникалық редакторы және көркемдеуші: Айнұр НАЗАРОВА

Корректоры: Мәдина ЕРМЕК

Кітап «Ердәулет – Тайма – Баспасөз» ЖШС теріліп, беттелді.

Баспаның директоры: Ердәулет САДЫҚ

Байланыс телефондары: 8 771 140 90 33, 8(725 40) 5 55 77, 5 50 50

enaimakz@gmail.com

[instagram.com/taima.kz](https://www.instagram.com/taima.kz)

